

ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

БАКАЛАВРИАТ

РАДИАЦИЯЛЫҚ ГИГИЕНА

5B110400 – «Медициналық-профилактикалық іс» мамандығы

Сағат көлемі – 90 (2 кредит)

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

Астана 2011

АЛҒЫ СӨЗ

- 1 ӘЗІРЛЕГЕН ЖӘНЕ ҰСЫНҒАН** Медицина білімі мен ғылымының инновациялық технологиялар Республикалық орталығы, С.Д. Аспендияров атындағы қазақ ұлттық медицина университеті, АҚ «Астана медициналық университеті», Қарағанды мемлекеттік медицина университеті, М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Семей қаласы мемлекеттік медицина университеті, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтикалық академиясы
- 2 АЛҒАШ РЕТ** енгізілген
- 3 Үлгілік оқу бағдарламасы** 5В110400 - «Медициналық-профилактикалық іс» мамандығы бойынша ҚР 2009 жылғы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген
- 4 Үлгілік оқу бағдарламасы** Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2011 жылғы 26 қазандағы №734 бұйрығымен бекітілген.

МАЗМҰНЫ

1. Түсініктеме	4
2. Пән бойынша сағаттың бөлінуі.....	9
3. Пәннің мазмұны және сабақтардың тақырыптық жоспарының үлгілері	9
4. Оқу және оқыту әдістері.....	21
5. Студенттердің білімін бағалау.....	22
6. Құрал-жабдықтар.....	22
7. Ұсынылатын әдебиеттердің тізімі.....	22

Бұл үлгілік оқу бағдарламасын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің рұқсатынсыз көбейтуге және таратуға болмайды.

1 ТҮСІНІКТЕМЕ

Радиациялық гигиена - бұл иондаушы сәулелердің адамға әсер ету жағдайын, әсерсіз түрлерін, олардың салдарын зерттейтін және адам денсаулығын қорғауға бағытталған шараларды қарастыратын өз бетінше дамитын гигиеналық ғылым.

5B110400 - «Медициналық-профилактикалық іс» мамандығы бойынша дәрігер дайындауда «Радиациялық гигиена» сұрақтарын меңгеруге, қоршаған орта мен адамға нақты қауіптілік көрсететін, халық шаруашылығының әртүрлі салаларында, соның ішінде медицинада, радиоактивті заттардың және иондаушы сәулелердің кеңінен қолданылуы себепті көп көңіл бөлінуі керек. Сондықтан берілген пәнді оқытуда иондаушы сәулелер көздерімен жұмыс кезіндегі қорғану және алдын алу шараларын өңдеу, сондай-ақ радиациялық-қауіпсіздік мәселелері бойынша сұрақтар кеңінен қолданылуы қажет.

«Медициналық-профилактикалық іс» мамандығы студенттеріне берілген пәнді меңгеруінің ерекше маңыздылығы қазіргі Қазақстан жағдайында Семей сынақ ядролық полигоны «Азғыр», «Капустин Яр» полигондарында және олардың кең аумақтарында, ядролық қарудың көп жылдық сынақтарының қолайсыз салдары белгілі болған жағдайда арта бастады.

Пәннің мақсаты: мемлекеттік санитариялық эпидемиологиялық бақылаудың білікті мамандарын дайындауда халықтың радиациялық қауіпсіздігін, радиоактивті ластанулардан қоршаған ортаны қорғау мен адамдардың кәсіптік категориясын қамтамасыз ету.

Пәннің міндеттері:

- Негізгі заңдылық актілерімен танысу: «Қазақстан Республикасы Конституциясы», ҚР «Халықтың радиациялық қауіпсіздігі» заңы, «Радиациялық қауіпсіздік нормасы», ҚР Президентінің «Семей ядролық сынақ полигонын жабу туралы» үкімі, «Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулық жағдайын жақсартудың бірінші кезектегі шаралары» және олардың санитарлық дәрігердің жұмысын реттейтін негізгі жағдайын таныстыру;
- иондаушы сәулелердің көздерін қолдануымен байланысты адамның кәсіптік іс-әрекеті жағдайындағы және де халық тұратын орта жағдайындағы және организмнің бір-біріне тигізетін әсерін дұрыс түсіну үшін пәннің теориялық негіздерін таныстыру;
- нақты жағдайларда радиациялық жағдайды бағалау мен объективті ақпарат алу үшін санитарлық-дизиметрлік бақылау жүргізу әдістерін игерту және меңгерту;
- радиациялық гигиена саласында сақтық және күнделікті мемлекеттік санитарлық бақылауды жүргізу мен радиациялық қауіпті нысандарда

радиациялық жағдайды жақсарту бойынша ғылыми негізделген шараларды жасаудың теориялық негізі мен дағдыларды игерту.

Білім берудің түпкілікті нәтижелері (компетенциялары)

Студент тиісті:	компетенциялар
білуге	радиациялық гигиена және қоршаған ортаны қорғаудың негізгі заңдылық құжаттарын;
	"Радиациялық гигиена" ғылымының шығу және даму тарихын;
	ядролық физика элементтерін (атом құрылысын, радиоактивті ыдыраудың негізгі заңын, ыдырау-жартылау ыдырауды сипаттайтын негізгі шамалар, белсенділікті, белсенділіктің өлшем бірліктерін);
	радиоактивті айналымдар түрлері мен олардың сипаттамасын;
	иондаушы сәулелер туралы түсінік, олардың жіктелуі мен негізгі қасиеттері;
	иондаушы сәулелердің заттармен әрекеттесу түрлері;
	иондаушы сәулелер сандық сипаттамасы, сәулелену дозасы түсінігі және олардың өлшем бірліктері, доза қуаттылығы, өлшем бірліктері;
	иондаушы радиацияның ағза мен адамға әсер ету, ағзаның негізгі арнайы емес реакцияларын және арнайы биологиялық әсерді;
	радиосезімталдық түсінігін және радиосезімталдығы бойынша организм ағзалары мен тіндерінің бөлінуін;
	адамға радиациялық әсердің гигиеналық нормалануы мен болжамдалуы негіздерін;
	дозалар шегі, сыртқы сәулеленудің дозалық шегі, ішкі сәулеленудің рұқсат етілген шегі туралы, бақылау деңгейлері туралы;
	қосымша деңгей туралы түсінікті (КД);
	жылдық эффективті сәулелену дозасы мен дозалық коэффициентті;
	тұрғындардың бір мезеттік сыртқы және ішкі сәулеленуге ұшырау түсінігін және осы жағдайларда орындалуға қажетті талаптарды;
	медициналық тексерулер кезіндегі тұрғындардың сәулеленуге ұшырауын нормалауды;
	ашық және жабық иондаушы сәулелену көздерімен

	жұмыс кезіндегі қызметкерлердің қорғану принциптері, әдістері және шараларын;
	радиациялық қауіпсіздікке байланысты радионуклидтердің жіктелуі;
	ашық иондаушы сәулелену көздерімен жұмыс сыныптарын;
	иондаушы сәулелердің ашық және жабық көздерін қолданатын мекемелердің, кабинеттердің орналасуы мен жоспарлану;
	радиациялық гигиенада қолданылатын зерттеу әдістерін (дозиметриялық, соның ішінде ЭПР-дозиметриялық, радиометриялық, спектрометриялық, радиохимиялық);
	жұмыс істеу жабдықтарының, аспаптардың көмегімен және жағындылар алумен қызметкер қолдарының радиоактивті заттармен ластануын анықтау әдістерін;
	иондаушы сәулеленуді тіркеу әдістерін;
	радиациялық гигиена облысында қолданылатын аспаптар, олардың жіктелуін, құрылымын, жұмыс істеу принциптерін, қолданылу тәртібін;
	радиациялық фон туралы түсінік, табиғи радиациялық фон (ТРФ), технологиялық өзгерген ТРФ, жасанды радиациялық фон;
	қоршаған ортаның радионуклидтерімен ластану көздерін, қорғану шараларын;
	атомдық және ядролық апаттар туралы түсініктерді;
	атомдық апаттардың жіктелуін;
	атомдық апаттар кезіндегі аймақтарға бөлуді;
	қоршаған орта мен тұрғындар денсаулығы үшін ядролық қарулар сынақтарының салдарын;
	радиоактивті қалдықтарды өндеу, жою және көмудің қазіргі кездегі және болашақтағы әдістерін;
	радиациялық гигиена облысындағы алдын ала және ағымдық мемлекеттік бақылау бойынша әртүрлі құжаттарды
үйреніп алуға	дозиметрлік аспаптар көмегімен дозиметрлік зерттеулер жүргізуді;
	есептеу әдісімен сәуле қабылдау дозаны анықтауды;
	есептеу әдісімен және арнайы кестелер көмегімен радиациялық қорғану шараларын анықтауды (қашықтықтан қорғау, мөлшермен қорғау, уақытпен қорғау, экранмен қорғау);
	радиометрлік, радиохимиялық, спектрометрлік

	зерттеулер жүргізу үшін қоршаған ортаның әртүрлі объектілерінен (ауа, су, топырақ, азық-түліктер) сынама алуды;
	қоршаған ортаның әртүрлі объектілерінің (ауа, су, топырақ, азық-түліктер) белсенділік деңгейін анықтау мақсатында радиометрлік, радиохимиялық, спектрометрлік зерттеулер жүргізуді;
	аспаптың көмегімен және жағындылар алу әдісімен жабдықтардың, жабдықтар бетінің, қызметкерлер қолдарының радиоактивті заттармен ластануын анықтауды;
	радиоактивті заттар мен басқа иондаушы сәулелену көздерін қолданатын мекемелерге санитарлық тексеру жүргізуді;
	радиометрия, спектрометрия деректерін талдау мен гигиеналық бағалауды;
	қоршаған орта объектілері мен әртүрлі материалдан жасалған жабдықтар беттеріне дезактивация жүргізуді;
	дезактивация дәрежесін бақылауды;
	радиоактивті қалдықтарды өңдеу, жою және көмуді тиімді жүргізуді бағалауды;
	ескертпелі санитарлық бақылау саласында радиациялық тексеру бойынша:
	гамма фон және радонның болуы ескеріліп, тұрғын, қоғамдық үйлерді салуға жер учаскелерін бөлуге санитарлық қорытынды беруді;
	радиациялық қауіпті объектілерді салуға жер участкесін бөлуге санитарлық қорытынды беруді;
	радиациялық қауіпті объектілерді орналастыруда санитарлық-қорғаныш аймағын анықтауды;
	радиоактивті заттар мен басқа иондаушы сәулелер көздерін қолданатын құрылыстар жобаларына және мекемелер реконструкциясына сараптама жүргізуді;
	санитарлық ережелерге сәйкес радиациялық техниканы, аспаптарды, аппаратураларды орнатудың техникалық құжаттары бойынша шешімді қарастыруды және дайындауды;
	радиоактивті заттар және басқа иондаушы сәулелену көздерімен жұмыс кезінде қолайлы жағдай жасау мақсатында мекемелерге санитарлық-гигиеналық тексеру жүргізуді;

	ағымдық санитарлық бақылау саласында:
	мекемелер, ведомствалар немесе арнаулы территорияларда радиациялық қауіпсіздік жағдайларының қолайсыз өзгерістерін уақытылы анықтау мен жоюға бақылау жүргізуді;
	жаңадан бекітілген заңдылықтарға және басқа регламенттеуші құжаттарға сәйкес радиациялық жағдайға өз уақытында бақылау жүргізуді;
	сәулелік диагностиканың медициналық кабинетінде рентген сәулелерін дозиметрлік өлшеудің әртүрлі құжаттарын (хаттаманы), радиоактивті заттарды қабылдауға, санитарлық паспорт алуға сұранысты, радиологиялық зерттеулер кезіндегі зертханалық тәжірибелер хаттамасын, азық-түліктің радиациялық қауіпсіздігі жөніндегі гигиеналық шешімді құрастыруды және іс-қағаздарын толтыруды;
	радиациялық қауіпсіздік жөнінде медицина қызметкерлері және барлық тұрғындар арасында гигиеналық білім деңгейін жоғарылату бойынша шаралар (дәрістер, семинарлар, әңгімелесулер, жалпыға арналған ақпараттар) жүргізуді
машықтануға	компьютерлік технологияны пайдаланумен тіркеу-есеп беру құжаттарын жүргізуге;
	Интернет және Интранет желісінде, персоналды компьютерде жұмысқа;
	ғылыми зерттеулер жүргізуге.
	радиологиялық нысаналарда санитарлық-дозиметрлік тексерулер жүргізуге;

Пререквизиттер мен постреквизиттер

Пререквизиттер: медициналық биология, генетика, радиобиология, экология және тұрақты даму, медициналық биофизика, химия, физиология, биологиялық химия.

Постреквизиттер: коммуналды гигиена, тағам гигиенасы, еңбек гигиенасы, балалар мен жасөспірімдер гигиенасы, клиникалық медицинаға кіріспе, қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау.

2 ПӘН БОЙЫНША САҒАТТЫҢ БӨЛІНУІ

Сағаттың жалпы саны	Аудиториялық сағаттар				СӨЖ
	Барлығы	Дәрістер	Практикалық сабақтар	ОСӨЖ	
№1 кредит - 45	30	5	10	15	15
№2 кредит - 45	30	5	10	15	15

3 Пәннің мазмұны* және сабақтардың тақырыптық жоспарының үлгілері**

№1 кредит

Кіріспе

Радиациялық гигиена XX ғасырдың 40-шы жылдарының басында, салыстырмалы түрде беретін ғана, өз бетінше гигиеналық ғылым ретінде дами бастады. Бұл иондаушы сәулелер көздерімен жұмыс істейтін адамдар мен сол елді мекен тұрғындарының денсаулығына иондаушы радиацияның әсерін зерттейтін және еңбек пен тұрмыс жағдайының радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, ғылыми негізделген қорғану шаралары кешенін жасайтын ғылым.

Рентген сәулелері мен радиоактивті ыдыраудың ашылуының алғашқы жылдарында радиобиологиялық сипатты теориялық және экспериментальдық зерттеулер басталды, сондай-ақ бір мезгілде иондаушы сәулелердің зақымдаушы әсерінен адамдарды қорғау мәселелері де қарастырылды.

Ары қарай осы ғылымның дамуына жаңадан пайда болған сәулелерді ғылымда және тәжірибеде жедел қолдану, сондай-ақ олардың ағзаға зақымдаушы әсерінің анықталуы өз себебін тигізді.

Әсіресе медицинада рентген және радий сәулелерінің кеңінен қолданылуы, олардың биологиялық әсері жөніндегі жеткілікті, көп мәліметтер, иондаушы сәулелерден қорғау мәселелерімен айналысатын, көптеген елдердің күшін біріктіретін фундамент болып табылады.

Әскери және бейбітшілік мақсаттағы уран өндіретін өнеркәсіптер мен атомдық энергетиканың дамуы, жасанды радионуклидтерді алу және оларды халық шаруашылығының барлық салаларында кеңінен қолдану радиациялық гигиенаның дамуына үлесін қосты.

XX ғасырдың 50-ші жылдарында денсаулық сақтау Министрлігі құрамында республикалық, қалалық СЭС-ің базасында радиациялық қауіпсіздік бөлімдері мен радиологиялық топтардың құрылуы тарихтағы маңызды кезең болып табылады.

Қазіргі кездегі ҚР ДМ-ің мемлекеттік санитарлық эпидемиологиялық бақылау комитетінің жанындағы республикалық СЭС-те, сондай-ақ, 14

облыстағы облыстық және Астана, Алматы, Степногор қалаларының санитариялық эпидемиялық бақылау басқармасы жанында радиациялық гигиена бөлімдері жұмыс істейді, ал санитариялық эпидемиологиялық сараптау орталығының құрамында радиациялық бақылау зертханасы жұмыс істейді.

Пәннің негізгі бағыттары дозиметрлік, радиобиологиялық бағыттар, рұқсат етілетін сәулеленуге ұшырау деңгейін гигиеналық регламенттеу теориясы мен әдістемесі және радиацияға қарсы қорғану шараларын өңдейтін санитарлық ұйымдастыру бағыты болып табылады.

Иондаушы сәулелер көздерімен жұмыс істейтін адамдар және тұрғындар ағзасына радиацияның әсерін зерттейтін жағдайлар ерекшеліктері, сондай-ақ осы контингенттердің әлеуметтік және басқа да айырмашылықтары, арнайы әсерлерінің алдын алу әдістері мен жолдарының айырмашылықтары радиациялық гигиенаны екі негізгі тарауға бөледі: иондаушы сәулелер көздерімен жұмыс кезіндегі *еңбек гигиенасы* және тұрғындардың радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған *радиациялық коммуналдық гигиена*.

Радиациялық гигиена бойынша негізгі қағидалар Қазақстан Республикасы Конституциясының сәйкес баптарында, ҚР «Тұрғындардың радиациялық қауіпсіздігі жөніндегі», «Тұрғындардың санитариялық-эпидемиологиялық қолайлы жағдай жөнінде», заңдарында көрсетілген, осылардың негізінде Республиканың барлық тұрғындарының радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін «Радиациялық қауіпсіздік нормалары (РҚН-99), СЕ 2.6.1.758- 99» және басқа нормативтік актілер өңделді және бекітілді.

Медициналық-профилактикалық факультетте радиациялық гигиенаны оқыту жекеленген кәсіптік топтар мен тұрғындардың радиациялық қауіпсіздігі жағдайлары бойынша объективті ақпарат алу үшін пәннің теориялық негізін меңгеруге, санитарлық-дозиметрлік зерттеулерді игеруге, сондай-ақ радиологиялық объектілердегі алдын-ала және ағымдық санитарлық бақылау жүргізу дағдыларын үйренуге бағытталған.

Радиациялық гигиенада гигиеналық зерттеулерде қолданатын әдістерге (химиялық, экспериментальдық, физиологиялық, клиникалық, санитарлық тексеру, эпидемиологиялық, статистикалық және т.б.) қарағанда дозиметрлік, радиометрлік, радиохимиялық, спектрометрлік әдістер басым қолданылады.

Радиациялық гигиена курсын оқыту жалпы теориялық, медициналық-биологиялық, клиникалық және гигиеналық салалардағы кафедралардан студенттердің алған білімдерімен негізделінеді.

Радиациялық гигиенаның теориялық негіздері

Радиациялық гигиенаның өз бетінше ғылым ретіндегі шығу және даму тарихы. Зерттеу объектілері және радиациялық гигиенадағы қолданылатын әдістер. Радиациялық гигиена саласы бойынша Қазақстан Республикасының заңдылық құжаттары.

Ғылыми зерттеулер мен таным ретіндегі радиациялық гигиенаның шығу және даму тарихы. В.К. Рентген, А. Беккерель, Э. Резерфордың XIX ғасырдың соңында иондаушы сәулелер саласында ашқан әйгілі жаңалықтары. XX ғасырдың басындағы ғалымдар Ф. Жолио-Кюри, М. Кюри, Д.Ж. Чедвик, Д.Д. Иваненко, Э. Фермидің қосқан үлестері. Рентген және радий сәулелерінен қорғану бойынша Бүкілхалықтық комиссия (1928 ж), одан кейін радиациялық қорғану бойынша Бүкілхалықтық комиссия құрылды.

Радиациялық гигиена - гигиена ғылымының жаңа өз бетінше саласы ретінде. Оның XX ғасырдың 40-шы жылдарындағы дамуы. Атомдық энергияны әскери және бейбіт мақсатта қолдану. Атомдық бомбаны жасау және қолдану (Хиросима, Нагасаки). Қазақстан территориясындағы ядролық қарудың көп жылдық сынақтары (Семей сынақ полигоны, «Азғыр», «Капустин Яр» және т.б. полигондар). Атомдық өнеркәсіптің дамуы (атомдық электростанциялар, гамма-сәулеленулер, өлшегіш аспаптар). Ресей ғалымдары И.В. Курчатов, Ф.Г. Кротков, В.А. Книжниковтың радиациялық гигиенаның дамуындағы қосқан үлестері.

Радиациялық гигиена мен санитариялық тәжірибенің негізгі мақсаты және міндеттері. Иондаушы сәулелерді қолдану саласында және тұрғындардың радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі радиациялық гигиенаның міндеттері. Радиациялық-гигиеналық зерттеулерде қолданылатын әдістер - дозиметрия, радиометрия, спектрометрия, радиохимиялық анализ және т.б.

Кәсіптік топтар мен бүкіл тұрғындардың радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі Қазақстан Республикасының заңдылық құжаттары. ҚР Конституция баптары, «Тұрғындардың радиациялық қауіпсіздігі жөнінде», заңдары, «Радиациялық қауіпсіздік нормалы (РҚН-99), СЕ 2.6.1.758-99», «Семей сынақ ядролық полигонын жабу жөніндегі», «Қазақстан Республикасындағы азаматтар денсаулық жағдайын жақсарту бойынша бірінші кезектегі шаралар жөніндегі» ҚР Президентінің Жарлықтары және тағы басқа құқықтық пен нормативтік актілер.

Радиациялық гигиенадағы ядролық физика элементтері

Радиациялық гигиенадағы ядролық физика элементтері. Радиобелсенділік жөніндегі түсінік, осы құбылыстың табиғаты мен маңызы. Радиобелсенді айналулар. Радиобелсенді айналулар түрлері: альфа-ыдырау, электрондық бета-ыдырау, позитрондық бета-ыдырау, К-қармау, ядролардың бөлінуі, термоядролық реакциялар. Радиоактивті ыдыраудың негізгі заңы, оның анықтамасы. Радионуклидтердің белсенділігі, жартылай ыдырау жөніндегі түсінік. Си жүйесіндегі өлшеу бірлігі - беккерель (Бк) және жүйеден тыс - кюри (Ки) және олардың туындылары.

Иондаушы сәулелер (гамма-кванттар, рентген сәулелену, альфа-бөлшектер, бета-бөлшектер, нейтрондық сәулелену), олардың табиғаты, сипаттамасы. Иондаушы қабілеттілігі, өткізгіштік қабілеттілігі, сәулелену энергиясы. Иондаушы сәулеленудің заттармен өзара әсерлесу түрлері.

Сәулелену дозасы. Экспозициялық доза, жұтылған доза, ішкі және сыртқы сәулеленуге ұшыраудың эквивалентті дозасы, эффективті доза, болжамдап күтілетін эквивалентті (эффективті) доза, ағзаға арналған доза, эффективті ұжымдық доза. Олардың Си жүйесіндегі өлшеу бірліктері - Кл/кг, грей (Гр), зиверт (Зв) және жүйеден тыс - рентген (Р), рад, бэр. Сәулелену түріне байланысты өлшенетін коэффициенттер жөніндегі түсінік. Доза қуаттылығы жөніндегі түсінік. Доза қуаттылығының өлшем бірліктері.

Иондаушы сәулелерді тіркеу әдістері

Иондаушы сәулелер көздері, олардың сипаттамасы және иондаушы сәулелердің биологиялық әсері

Радиациялық фон, табиғи радиациялық фон (ТРФ), технологиялық өзгерген ТРФ және жасанды радиациялық фон түсініктері. Табиғи иондаушы сәулелер көздері. Космостық сәулелену. Біріншілік және екіншілік космостық сәулеленулер. Уран, радий, торий, актинийдің табиғи радиобелсенді тұқымдастары. Шашыраңқы радиобелсенді элементтер. Тау жыныстарының, топырақтың, жер асты және беткей су көздерінің, атмосфераның, құрылыс материалдарының табиғи радиобелсенділігі сипаттамасы. Өсімдіктер мен жануарлар ағзасындағы табиғи радиобелсенділіктің сипаттамасы. Табиғи радиациялық фон есебінен адамның сәулеленуге ұшырау дозалары.

Биологиялық субстратқа иондаушы сәулелердің әсер ету ерекшеліктері. Иондаушы радиация әсері кезіндегі ағзада болатын біріншілік үрдістер. Иондаушы сәулелердің жасушаға, көп жасушалы ағзаға әсері. Иондаушы сәулелердің жылы қанды жануарлар ағзасына әсер ету ерекшеліктері.

Адамның сыртқы және ішкі сәулеленуге ұшырауы. Радиосезімталдық туралы түсінік. Сезімтал ағзалар топтары. Биологиялық әсердің иондаушы сәулелердің дозасына, сәулеленуге ұшыраған тіндердің көлемдік мөлшері мен сипатына тәуелділігі. Аса маңызды биологиялық реакциялар: жедел зақымданулар мен оқшауланған салдар. Детерминирленген және стохастикалық әсерлер.

Адамға радиациялық әсерлерді гигиеналық нормалау және болжамдау

Радиациялық гигиенадағы гигиеналық нормалау. Иондаушы сәулелер әсерлері жөніндегі қазіргі кездегі көз-қараста бақылауға алынған жағдайдағы техногенді сәулеленуге ұшырауындағы негізгі регламенттелетін мөлшерді негіздеу. "Доза-эффект" табалдырықтық емес сызықтық тәуелділік концепциясы. Иондаушы радиацияның аз дозаларының мәселелері. "Доза - эффект" тәуелділігінің математикалық модельдері. Стохастикалық әсерлердің пайда болуының абсолюттік және салыстырмалы қауіп-қатер модельдері. Қабылдауға болатын қауіп-қатер концепциясы.

"Радиациялық қауіпсіздік нормаларына (РҚН-99)" сәйкес радиациялық қауіпсіздік принциптері.

Сәулеленуге ұшыраған адамдардың санаттары.

"Қызметкер" санаты А және Б топтары "Тұрғындар" санаты.

Бақылауға алынған жағдайда техногенді сәулеге ұшыраудың негізгі регламенттеуші өлшемдері. Нормативтер сыныптары: негізгі дозалық шектер, монофакторлық әсердің рұқсат етілген деңгейлері (радиоактивті заттардың рұқсат етілген жылдық тұсу шегі - ЖІШ, рұқсат етілген орташа жылдық көлемдік белсенділік - РКБ және рұқсат етілген мөлшерлі белсенділік - РМБ); бақылау деңгейлері. Эффективті және эквивалентті дозалар бойынша қызметкерлер (А және Б топтары) мен тұрғындарға арналған бақылауға алынған жағдайларда техногенді сәулеге ұшыраудың негізгі дозалық шектері.

Килігу деңгейі жөніндегі түсінік (КД). Сәулеленуге ұшыраудың жылдық эффективті дозасы, дозалық коэффициент туралы түсінік. Ішкі сәулеленуге ұшыраудың рұқсат етілген шектері. Т(эфф) - эффективті кезең жөніндегі түсінік. $T(эфф) > t_i$ есептеу. Қызметкерлер үшін тыныс алу ағзалары арқылы, тұрғындар үшін - тыныс алу және асқорыту ағзалары арқылы радиобелсенді заттардың жылдық тұсу шегі.

Профилактикалық медициналық тексерулер, рентгендік радиологиялық диагностика және терапия жүргізу кезінде адамдардың сәулеленуге ұшырауына рұқсат етілген деңгейлері. Жұмыс құралдары беттерінің, терінің, арнаулы киімдердің, жеке басын қорғау заттарының, жабдықтарының радиоактивті ластануына рұқсат етілген деңгейлерін гигиеналық негіздеу.

Әртүрлі иондаушы сәулелер көздерімен жұмыс істеу барысындағы еңбек гигиенасы

Жабық және ашық иондаушы сәулелер көздерімен жұмыс кезіндегі радиациялық қорғану негіздері

Жабық иондаушы сәулелер көздерінің сипаттамасы. Үздіксіз әсер ететін және генерализацияланған кезеңді әсер ететін сәулелену көздері. Халық шаруашылығы әртүрлі салаларындағы және медицинадағы жабық сәулелер көздерін қолдану аймақтары.

Иондаушы сәулелердің таралу заңдылықтары және жабық иондаушы сәулелер көздерімен жұмыс істеу кезіндегі қорғану шараларын өңдеудің негізгі ретіндегі, олардың заттармен өзара әсерлесу сипаты. Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі принциптері. Жабық иондаушы сәулелер көздерімен жұмыс істеу кезіндегі қорғану әдістері (уақытпен, мөлшермен, ара қашықтықпен, экранмен қорғану). Әлсіреу еселігі жөніндегі түсінік.

Жабық иондаушы сәулелер көздерімен жұмыс істеу кезіндегі санитарлық-гигиеналық, инженерлік-техникалық және ұйымдастыру шараларының кешені.

Медициналық тәжірибеде жабық иондаушы сәулелер қолдану кезіндегі еңбек гигиенасы. Жоғары энергия сәулелерінің көмегімен жұмыс істейтін дистанциялық, рентгендік және гамма-терапия (күшейткіштер), қуыс ішілік, тін ішілік және аппликациялық терапия, рентгендік диагностика. Рентгендік диагностика кезінде адамдар мен қызметкерлерді қорғау шаралары.

Гамма-дефектоскопия кезіндегі еңбек гигиенасы. Тағайындалуына байланысты қорғаныш экрандарының жіктелуі.

Ашық иондаушы сәулелер көздері. Радионуклидтермен жұмыс ортасын ластану қаупін туғызатын объектілер. Ашық иондаушы сәулелер көздерінің медицинада қолданылуы. Сәулелік терапия және диагностикалық зерттеулер.

Радиоактивті заттардың радиоуттылығы. Радиоуыттылығына байланысты радионуклидтердің жіктелуі. Ашық иондаушы сәулелер көздерімен жұмыс істеу сыныптары. Ашық иондаушы сәулелер көздерімен жұмыс істеу кезіндегі қорғану шаралары.

Өндірістік жабдықтардың герметикалылығы. Ашық түрде радиоактивті заттармен жұмыс істеуге тағайындалған бөлмелердің жоспарлануының гигиеналық принциптері. Бөлмелердің желдетілу, жылыту, канализация, жабдыкталуына қойылатын гигиеналық талаптардың ерекшеліктері. Иондаушы сәулелер көздерімен жұмыс кезіндегі жеке басты қорғайтын заттары.

Санитарлық-дозиметрлік бақылау радиациялық қауіпсіздік жүйесіндегі маңызды элемент ретінде. Радиациялық және медициналық бақылау

Санитарлық-дозиметрлік бақылау иондаушы сәулелер көздерімен жұмыс істейтіндер және басқа адамдар санаттары үшін радиациялық қауіпсіздік жүйесінің маңызды элементтерінің бірі ретінде. Санитарлық-дозиметрлік бақылаудың мақсаты мен міндеттері.

Алдын-ала санитарлық бақылау. Радиологиялық объектілерді салуға жер учаскелерін бөлу. Радиологиялық объектілерді салу мен реконструкциялау жобасын қайта қарау тәртібі және құрылыстың жүруін қадағалау. Объектілер мен жаңа құрал-жабдықтарды қабылдау.

Ағымдық санитарлық бақылау. Оның бағдарламасы мен әдістері. Радиологиялық объектілерді санитарлық тексеру ерекшеліктері.

Радиациялық бақылау. Радиациялық бақылауды жүргізу мақсаты, зерттеу объектісі. Жоспарлы және арнайы радиациялық бақылау. Объектілердің дозиметрлік қызметтерінің міндеттері.

Дозиметрия жөніндегі түсінік. Санитарлық тәжірибеде қолданылатын дозиметрлік бақылау әдістері. Топтық бақылау әдістері. Тасымалданбалы аспаптар көмегімен дозиметрлік бақылау. Жеке бастық дозиметрлік бақылау.

Радиациялық бақылау үшін қолданылатын аспаптар (МРМ-2; ДРГЗ-01; ДРГЗ-02; ДРГЗ-03; ДРГЗ-04; ТЛД; НФК-2,3; МКС-02С). Дозиметрлік аспаптардың жіктелуі, олардың қолданылауы. Қабылдағыштар (датчиктер) - дозиметрлік аспаптарды қабылдайтын бөлімі, олардың құрылымы, түрлері, тағайындалуы. Дозиметрлік аспаптарды таңдау принциптері. Дозиметрлік өлшеу жүргізудің негізгі ережелері. Радиометрлік зерттелер және орта объектілерін радиохимиялық талдау. Сыртқы орта объектілері сынамаларына радиометрлік және радиохимиялық талдау жүргізу жолымен қоршаған ортаны санитарлық-дозиметрлік бақылау. Бақылау бағдарламасы мен әдістері.

Радиологиялық объектілер маңындағы радиациялық жағдайларды бағалау критерийлері.

Радиометрияда қолданылатын аспаптар (РУП-1; РАМОН; РВ-4, гаммаспектрометр; РСБ-01; ПРТ-1). Радиометрлер фонын, қондырғыларды есептеу тиімділігін (Кэфф) анықтау. Эталондарды дайындау. Препараттың "Жұқа" және "Қалың" қабаттағы белсендігін анықтау тәсілдері. Гамма-спектрометрия, радиохимиялық талдау жүргізу принциптері.

Заттар беттерінің радионуклидтермен ластану деңгейлерін анықтау: радиометрлер және жағындылар әдісі көмегімен.

Ағзадағы радионуклидтерді анықтау: тікелей, жанама. Медициналық бақылау радиологиялық объектілердегі емдік алдын алу шараларының кешені ретінде. Алдын ала және жүйелі медициналық тексерулерді жүргізу.

№1 кредит дәрістерінің, практикалық сабақтарының, ОСӨЖ, СӨЖ тақырыптық жоспарының үлгілері

Дәрістердің тақырыптық жоспарының үлгісі

№	Тақырыптары
1.	Радиациялық гигиена пәні және мазмұны. Ғылымның негізгі даму кезеңдері. Радиациялық гигиенада қолданылатын әдістер. Заңдылық құжаттар.
2.	Радиациялық гигиенада пайдаланылатын негізгі түсініктер және олардың сипаттамасы. Радиоактивті ыдырау заңы.
3	Иондаушы сәулелер көздері, олардың гигиеналық сипаттамасы. Адамның қазіргі кездегі сәуле қабылдау деңгейі.
4	Радиациялық эффектілер халықтың әртүрлі топтарындағы сәуле қабылдау деңгейін реттеу мен оның салдарын бағалау негізгі ретінде.
5	Адамға радиациялық әсерлерді гигиеналық нормалау және болжамдау
6	Ашық және жабық иондаушы сәулелер көздерімен жұмыс кезіндегі радиациялық қорғаныс негіздері.
7	Ашық ион сәулесі көздерімен жұмыс істеу барысындағы қорғаныс принциптері.
8	Радиациялық қауіпсіздікті бақылау адам денсаулығы мен қоршаған ортаны қорғаудың маңызды элементі ретінде.
	Жалпы сағаты: 5

Практикалық сабақтардың тақырыптық жоспарының үлгісі

№	Тақырыптары
1.	Радиациялық гигиенадағы ядролық физика элементтері.
2.	Дозаларды анықтаудың және қызметкерлерді сыртқы сәулеленуге ұшыраудан қорғаудың есептеу әдісі.

3.	Радиациялық гигиенада қолданылатын радиометрлік зерттеу әдістері. Эталондарды дайындау, бекіту есебінің тиімділігін анықтау, препараттың белсенділігін анықтау әдісі. Ағзада радиоактивті заттардың болуын анықтау әдістері.
4.	Иондаушы сәулелер көздерімен жұмыстың санитарлық ережелері. Жұмыс жабдықтарының және қызметкерлер қолдарының радиоактивті заттармен ластануын зерттеу әдістері.
5.	Қоршаған орта объектілерін санитарлық сараптау. Қоршаған орта объектілерін дезактивациялау әдістері.
6.	Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық бақылау облыстық департаментінің радиациялық гигиена бөлімі (СЭБОД мен санитарлық-эпидемиологиялық сараптаудың облыстық орталығының радиологиялық зертханасы (СЭСОО) жұмысын ұйымдастыру Радиациялық гигиена саласында алдын ала және ағымдық мемлекеттік санитарлық бақылау.
	Жалпы сағаты: 10

Оқытушының жетекшілігімен орындалатын студенттердің өзіндік жұмысы (ОСӨЖ) тақырыптарының үлгісі

№	Тақырыптары
1.	Иондаушы сәулелерді тіркеу әдістері.
2.	Қызметкердің жеке қорғаныс және жеке бас гигиенасы шаралары. Жеке бас қорғаныс құралдарының жіктелуі мен олардың сипаттамасы
3.	Ағзадағы радиоактивті заттардың мөлшерін анықтау әдістері
4.	Медицинада иондаушы сәулелердің көздерін пайдалану кезіндегі еңбек гигиенасы
5.	Өнеркәсіпте иондаушы сәулелер көздерін қолдану кезіндегі еңбек гигиенасы.
6.	Аралық бақылау.
	Жалпы сағаты: 15

Студенттердің өзіндік жұмысы (СӨЖ) тақырыптарының үлгісі

№	Тақырыптары
1.	Әртүрлі иондаушы сәулелер көздері түрлерінің заттармен өзара әсерлесуі.
2.	Иондаушы сәулелердің жасушаға және көп жасушалы ағзаға әсері.
3.	Биологиялық дозиметрия (электрондық парамагниттік резонанс және тағы басқалар) және олардың тәжірибеде қолданылуы.
4.	Радиоактивті индикаторлардың халық шаруашылығының әртүрлі салаларында қолданылуы.

5.	Қоршаған орта мен тұрғындар денсаулығы үшін Қазақстан аймақтарындағы көп жылдық ядролық сынақтар салдары.
	Жалпы сағаты: 15

№2 кредит

Тұрғындардың радиациялық қауіпсіздігі негіздері

Қоршаған ортаның радионуклидтермен ластануының нақты көздері, жасанды радионуклидтердің жылжымалдылығы

Қоршаған ортаның радионуклидтермен ластануының нақты қауіпті көздері: ядролық қару сынақтары; атомдық өнеркәсіп мекемелері (ыдырайтын өнімдер мен жасанды радионуклидті табу, өндеу және алу бойынша); өндірістік үрдіс технологиясында радиоактивті заттарды қолданатын мекемелер, кәсіпорындар және зертханалар. Ядролық қаруға сынақ жүргізетін мемлекеттер. Қазақстан территориясындағы ядролық қаруға сынақ жүргізу. Қоршаған орта үшін сынақ салдары. Ядролық жанармайдан бөлінген қалдықтар. ²³⁵I) бөлінуінен кейін түзілген, негізгі гигиеналық маңызды бета - сәулелендіргіштер: екі күннен, он күннен, бір жылдан, үш жылдан, он жылдан, жүз жылдан кейін атомдық өнеркәсіп кәсіпорындарының қалдықтары урандық кенді қазу кезіндегі қалдықтар (шахталық, кең орындары, кең қазылған жердегі ауа), гидрометаллургиялық өндірістердің қалдықтары (радон, уран аэрозольдері, радий және т.б.) қатты, сұйық, газ тәріздес қалдықтар.

"Ыстық" зертханалар, радиоизотопты зертханалар, медициналық мекемелердің радиологиялық бөлімшелері - қоршаған ортаның радионуклидтермен ластануының нағыз көздері.

Қоршаған ортадағы техногенді радионуклидтердің маңызы. Қоршаған ортада радиоактивті заттардың миграциялану ерекшеліктері. Атмосфералық ауаға радиоактивті газдар мен аэрозольдердің маңызы. Жер асты сулары мен беткей су қоймаларында радиоактивті изотоптардың миграциялануы.

Топырақтағы радиоактивті заттардың маңызы, олардың өсімдік пен жануар әлеміне миграциялануы. Дискриминация коэффициенті. Сыртқы ортаның радиоактивті заттармен ластану деңгейлері.

Биологиялық тізбектер жөніндегі түсінік. Адам ағзасына радионуклидтердің түсу жолдары мен жиналу үрдістері.

Ауаның радиоактивтілігін зерттеу әдістері: седиментациялық, аспирациялық, кейбір радиоактивті газдарды, аэрозольдерді зерттеу әдістерінің принциптері. Судың радиоактивтілігін гигиеналық зерттеу әдістері. Санитарлық бақылау кезеңдері. Судың радиоактивтілігін санитарлық бағалау.

Азық-түліктердің радиоактивтілігін зерттеу әдістері. Радиометрлік және радиохимиялық зерттеулер үшін әр түрлі азық-түліктерден сынамалар алу, зерттеуге дайындық. Азық-түліктердің меншікті белсенділігін санитарлық

бағалау. Топырақтың радиоактивтілігін гигиеналық зерттеу кезеңдері. Санитарлық бағалау.

Раднациялық және ядролық апаттардың гигиеналық аспектілері

"Радиациялық" және "ядролық" апаттар түсініктемелері. Әр түрлі салалары (белгілері) бойынша радиациялық апаттардың жіктелуі. АЭС-на байланысты емес, олардың салдары бойынша (5 топ) радиациялық апаттардың жіктелуі. Радиациялық апаттар кезіндегі әсерлер алгоритмі.

Радиациялық апаттарды қызметтік тексеру кезіндегі негізгі шаралар. Радиациялық апаттарды тексерудің жалпы принциптері. Тексеру жөніндегі бұйрықтың мазмұны. Радиациялық апаттар салдарын тексеру, жою және тұрғындарды қорғау шаралары. Радиациялық бақылау радиациялық апаттарды тексеру және жою кезіндегі маңызды элемент ретінде. Радиациялық апаттарды тексеру және жою кезіндегі радиациялық бақылау мазмұны.

Қоршаған ортаның жеткілікті ластануындағы килігу критерийлері - зерттеу деңгейі және килігу деңгейі.

АЭС-дағы апаттар мен олардың халықаралық шкаласы. Салдар деңгейлері бойынша бағалау критерийлері.

Тұрғындар үшін радиоактивті қалдықтардың нақты қауіптілігін бағалау - сыртқы радиация, радиоактивті аэрозольдердің тыныс алу жолдарына түсуі, радионуклидтердің тағаммен және сумен түсуі. Қалқанша безінде радиоактивті йодтың жиналуының алдын алу.

Цезий-137 – апаттан кейінгі бір жылдың ішіндегі эффективті, эквивалентті доза өлшемін анықтайтын негізгі радионуклид. Оның жергілікті жердің кеңдігіне тәуелді бөлшегі. Радиациялық апаттың ерте және аралық сатыларында аймақтарға бөлінуі.

Дезактивация жөніндегі түсінік және оны жүргізу көрсеткіштері. Дезактивация әдістері: механикалық, физикалық, химиялық, биологиялық. Дезактивацияда қолданылатын заттар мен олардың құрамы. Бөлмелерді, жұмыс жабдықтарын, арнайы киімдерді дезактивациялау. Қоршаған орта объектілерін топырақты, суды, ауаны, азық-түліктерді дезактивациялау тиімділігін бағалау.

Қоршаған ортаны радиоактивті ластанудан қорғау. Радиациялық гигиена саласында ҚР санитарлық-эпидемиологиялық мекемелері жұмыстарын ұйымдастыру

Қоршаған ортаны радиоактивті заттармен ластанудан қорғау шараларының жүйесі. Санитарлық заңдылықтағы радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету принциптері. Радиоактивті қалдықтар. Сұйық және қатты радиоактивті қалдықтардың жіктелуі. Радиоактивті қалдықтарды жою және көму мәселелері. Радиоактивті қалдықтарды жинау, уақытша сақтау, тасымалдау және зиянсыздандыру. І-санаттағы радиоактивті қалдықтарды қайта өңдеу әдістері - сақтау. ІІ санаттағы радиоактивті қалдықтарды қайта өңдеу әдістері - сұйылту.

Құрамында радионуклидтері бар, атмосфераға бөлінген қалдықтарды зиянсыздандыру әдістері. Сүзгіден өткізу, адсорбциялау, уақытша сақтау. Сұйық радиоактивті қалдықтарды қайта өңдеу әдістері. Дистилдеу, тұндыру, коагуляциялау, ион алмастыратын сүзгілерді қолдану, физикалық, химиялық, биологиялық әдістер. Жер қыртыстарында, теңіздер, мұхиттарда радиоактивті қалдықтарды көму. Елді мекендерде радиациялық қауіпті объектілерді орналастыру. Жоспарлы шаралар. Санитарлық қорғаныс аймақтары (СҚА). СҚА мөлшерлерін орнату критерийлері.

№2 кредит дәрістерінің, практикалық сабақтарының, ОСӨЖ, СӨЖ тақырыптық жоспарының үлгілері

Дәрістердің тақырыптық жоспарының үлгісі

№	Тақырыптары
1.	ҚР санитарлық-эпидемиологиялық мекемелерінің радиациялық гигиена саласындағы жұмысының құрылымы мен ұйымдастырылуы.
2.	Радионуклидтермен қоршаған ортаның потенциалды ластау көздері, тегі жасанды радионуклидтердің таралуы.
3	Қоршаған ортаны радиоактивті ластанулардан қорғау.
4	Радиациялық және ядролық апаттардың гигиеналық аспектілері.
5	Атом электростанциялары халықтың сәуле қабылдауы мен қоршаған ортаның ластануы көзі ретінде. Атом энергетикасының даму перспективасы.
	Жалпы сағаты: 5

Практикалық сабақтардың тақырыптық жоспарының үлгісі

№	Тақырыптары
1.	Радиациялық қауіпсіздік нормалары (РҚН – 99). Сыртқы қабылдаудың дозалық шектері. Ішкі сәуле қабылдаудың рұқсат етілген шектері.
2.	Радиометрлік зерттеулер үшін қоршаған орта нысандарынан сынама алу әдістері. Алынған сынамалардан препарат дайындау.
3.	Стационарлық және жылжымалы радиометрлердің көмегімен ауаның және судың радиоактивтілігін гигиеналық бағалау әдістері.
4.	Стационарлық және жылжымалы радиометрлердің көмегімен тамақ өнімдері мен топырақтың радиоактивтілігін гигиеналық бағалау әдістері..
5.	«Радиациялық» және «ядролық» апаттар түсінігінің анықтамасы. Өртүрлі сапасы бойынша радиациялық апаттардың жіктелуі. АЭС-пен, оның салдарымен байланыссыз радиациялық апаттардың жіктелуі.
6	Радиациялық және ядролық апаттарды қызметтік тексеру бойынша шараларды ұйымдастыру.

7	Радиациялық және ядролық апаттардың салдарын жою бойынша шараларды ұйымдастыру.
8	Радиациялық апаттың бұрынғы және аралық сатысында территорияның аймаққа бөлу. Радиациялық апаттың қалпына келтіру сатысында аймаққа бөлу. Дезактивация түсінігі және оған көрсеткіш. Дезактивация әдістері.
9	Қоршаған ортаның радиоактивті заттармен ластушы көздердің гигиеналық сипаттамасы.
	Қоршаған ортаны радиоактивті заттармен ластанудың қорғау шараларының жүйесі. Санитарлық заңдылықта радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидасы.
	Жалпы сағаты: 10

Оқытушының жетекшілігімен орындалатын студенттердің өзіндік жұмысы (ОСӨЖ) тақырыптарының үлгісі

№	Тақырыптары
1.	Радиоактивті заттар мен иондаушы сәулелер көздерін пайдаланатын мекемелер мен өндірістерді санитарлық тексеру тәртібі.
2.	Медициналық рентген кабинеттерін радиациялық-гигиеналық тексеру.
3.	Иондаушы сәулелер көздерін пайдаланатын мекемелер мен өндірістерде жұмысты ұйымдастыру мен радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Радиоактивті заттар мен иондаушы сәулелер көздерімен жұмыс істеудің санитарлық ережелері (негізгі нормативті құжаттар).
4.	Иондаушы сәулелер көздерімен жұмыс істеуге арналған мекемелер мен қондырғылардың орналасуына қойылатын гигиеналық талаптар. Зертханалардың ішкі жоспарлануына, санитарлық өткізгіштер мен саншлюздер қондырғысына қойылатын гигиеналық талаптар.
5.	Иондаушы сәулелер көздерін әкелуге, тіркеуге және тасымалдауға қойылатын гигиеналық талаптар. Ашық көздермен жұмыс кезінде желдетуге, газтазалауға, сумен қамтамасыз етуге, канализацияға қойылатын гигиеналық талаптар.
6.	Атмосфералық ауада радиоактивті газдар мен аэрозолдердің жағдайы. Радиоактивті изотоптардың жерасты суларында, беткі су қоймалары суларында таралуы.
7.	Топырақтағы радиоактивті заттардың тәртібі және олардың өсімдіктер мен жануарлар әлемінде таралуы. Дискриминация коэффициенті. Сыртқы ортаны радиоактивті заттармен ластану деңгейі.
8.	Биологиялық тізбек туралы түсінік. Түсу жолдары мен радионуклидтердің адам ағзасына жиналу процестері.
9.	Радиоактивті қалдықтардың жүктелуі. Радиоактивті қалдықтарды жинау, уақытша сақтау, тасымалдау мен залалсыздандыру.
10.	Атмосфераға жіберілген құрамында радионуклидтері бар қалдықтарды

	залалсыздандыру әдістері. Фильтрация, абсорбция, шектеулі уақытта өндеу.
11	Сұйық радиоактивті қалдықтарды қайтара өндеу әдістері. Дистилляция, бірігей тұңбалау, коагуляция, ионды алмастыратын фильтрлерді қолдану, физикалық-химиялық, биологиялық әдістер.
12	Радиоактивті қалдықтарды көмудің экологиялық-гигиеналық мәселелері.
13	Аралық бақылау
	Жалпы сағаты: 15

Студенттердің өзіндік жұмысы (СӨЖ) тақырыптарыныңүлгісі

№	Тақырыптары
1.	Радиациялық гигиенаның даму тарихы. Ғылымның қалыптасуының негізгі кезеңдер.
2.	Атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану. Радиоактивті изотоптар мен иондаушы сәулелер көздерін медицинада қолдану.
3.	Халықтың радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен қоршаған ортаны радиоактивті заттардан қорғау дағы халықаралық ұйымдардың ролі.
4.	Атом энергетикасы өндірісі мен басқа да радиологиялық нысандардағы апаттардың себебінің жіктелуі және олардың салдарының масштабы.
5	Бөлменің радиациялық фоны. Радон мен оның өнімдерінің гигиеналық маңызы.
6	Радиацияның сыртқы әсері кезінде фармакологиялық және биологиялық қорғау.
7	Халықтың радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен қоршаған ортаны радиоактивті ластанулардан қорғау бойынша Қазақстан Республикасының негізгі заңды актілері.
	Жалпы сағаты: 15

Ескерту:

* - ЖОО пәннің мазмұнын 20%-ға дейін өзгерте алады.

* - ЖОО дәріс, практикалық сабақ, ОСӨЖ, СӨЖ тақырыптарының 40% -ын өзгерте алады

4 ОҚУ ЖӘНЕ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

- **Дәрістер:** шолу және мәселелік;
- **Практикалық сабақтар:** жеке тапсырмаларды жазбаша орындау. Тест тапсырмаларын орындау. SAS, SPSS, STATISTICA компьютерлік бағдарламаларын қолданып деректерге статистикалық өңдеулер жүргізу;

- **Оқытушының жетекшілігімен орындалатын студенттердің өзіндік жұмысы (ОСӨЖ):** ситуациялық тапсырмаларды шешу, берілген бағдарлама бойынша деректерді статистикалық өңдеу, компьютерлік бағдарламаларды қолданып статистикалық талдау жасау, көпфакторлы дисперсиялық талдау жүргізу;
- **Студенттердің өзіндік жұмысы (СӨЖ):** студенттердің оқулықтарымен және қосымша әдебиеттермен, ақпараттарды электронды тасымалдағыштармен жұмыс істеуі; есептерді өз бетімен шешу, өзіндік жұмыстың тақырыбы бойынша дайындық деңгейін бағалау, SAS, SPSS, STATISTICA компьютерлік бағдарламаларды қолданып деректерге статистикалық өңдеулер жүргізу.

5 СТУДЕНТТІҢ БІЛІМІН БАҒАЛАУ

- **Ағымдық бақылау:** ситуациялық тапсырмаларды орындау, ауызша және жазбаша сұрау, тестілік бақылау;
- **Аралық бақылау:** коллоквиум;
- **Қорытынды бақылау:** емтихан (жазбаша/ауызша сұхбаттасу, тестілеу және тәжірибелік машықтарды бағалау).

6 ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР

- компьютерлер, мультимедиялық проекторлар, графопроекторлар, видеоаппаратура, экран.
- компьютерлік бағдарламалар және мультимедиялық оқу құралдары пакеті, тестілеу тапсырмалары мен ситуациялық есептер жиынтығы, математикалық кестелер, арнайы статистикалық кестелер, калькуляторлар, слайдтар.

7 ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕРДІҢ ТІЗІМІ*

Орыс тіліндегі

Негізгі:

1. Ильин Л.И., Кириллов В.Ф., Коренков И.П. Радиационная гигиена: учебник+ CD. – М., 2010. – 475 с.
2. Архангельский В.И., Кириллов В.Ф., Коренков И.П. Радиационная гигиена: практикум: учебное пособие. – М., 2009. – 352 с.

қосымша

1. Раднационная гигиена. Ильин АА., Кириллов В.Ф., Коренков И.П..М., 1999-384 с.
- 2.«Нормы радиационной безопасности (НРБ-99), СП 2.6.1.758-99» - Агентство РК по делам Здравоохранения, 1999 - 79 с.
- 3.Закон РК «О радиационной безопасности населения». - Акмола, 23.04.1998г.

4. Указ Президента Казахской ССР «О закрытии Семипалатинского испытательного ядерного полигона». - Алма-Ата, 29 августа 1991 г.
5. Радиационная гигиена. Кириллов В.Ф., Книжников В.А., Коренков И.П. - М., "Медицина", 1988. - 335 с..
6. Голиков В.Я., Кириллов В.Ф., Коренков И.П. Руководство к лабораторным занятиям по радиационной гигиене / Под ред. Кроткова Ф.Г. - М.: Медицина, 1980. - 173 с.
1. «Санитарно-гигиенические требования по обеспечению радиационной безопасности». СанПиН. - Астана, 2003.
2. «Гигиенические требования по безопасности и пищевой ценности пищевых продуктов» I-П т. СанПиН. - Астана, 2003. - 210 с.
3. Муминов Т.А., Кенесариев У.И., Бекмагамбетова Ж.Д.. Туберкулез в регионе влияния ракетно-ядерного полигона. - Алматы, 2002. - 328 с.
4. Бекмагамбетова Ж.Д. Радиационно-экологические аспекты безопасности населения. Учебное пособие. - Алматы, 2002. - 304 с.
5. Пивоваров Ю.П. и соавт. Гигиена и основы экологии человека. Ростов н/Д: «Феникс», 2002. - 512 с.
6. Гигиена. Под общ. ред. Г.И. Румянцев. - М.: ГЭОТАР-МЕД, 2001. - 608 с.
7. Кенесариев У.И., Жакашов Н.Ж., Бекмагамбетова Ж.Д., Снытин И.А.. Методические рекомендации по комплексной оценке загрязнения окружающей среды в регионах испытательных ракетно-ядерных полигонов Казахстана (на примере региона испытательного ракетно-ядерного полигона «Капустин Яр»). - Астана, 2000. - 20 с.
8. Рыскулов С.Т. Экология и радиация. Алматы, 2000. - 40 с.
9. Указ Президента Республики Казахстан № 3956 «О первоочередных мерах по улучшению состояния здоровья граждан Республики Казахстан». - 18.05.1998 г.
10. Часников И.Я. Эхо ядерных взрывов. - Алматы, 1998. - 172 с.
11. Контроль радиационной безопасности. Под ред. Е.И. Воробьева. - М., "Медицина", 1989. - 169 с.
12. Радиация и жизнь. Э.Дж. Холл (перевод с англ. М.И. Харченко). - М., "Медицина", 1989. - 284 с.
13. В.Ф. Козлов/Радиациялық қауіпсіздік бойынша анықтама, 4-ші басылым., қайтадан өңдеу мен қосымша. Энергоатомиздат. – М., 1991 С. 352

Қазақ тіліндегі

1. «Пациенттерге медициналық рентгенологиялық тексеріс жүргізу барысында алынатын сәуле соққысының тиімді дозасына жүргізілетін бақылау» Бақылау әдістері бойынша әдістемелік нұсқау №5.05.012.03. - Астана қаласы, 2003. -28 б.
2. «Дозаның аумаққа көбейтіндісін өлшейтін құралдарды қолдана отырып пациенттерді рентгенологиялық тексерістен өткізу барысында қабылдаған жеке

тиімді сәуле соққысының дозасын анықтау» Бақылау әдісі бойынша әдістемелік нұсқаулар № 5. 05. 011. 03. Астана қаласы, 2003.-14 б.

Ескерту: * - әдебиеттер тізімі жыл сайын жаңаруы мүмкін.

Авторлар

Петров Виктор Иванович - Қарағанды мемлекеттік медицина университетінің тағам гигиенасы, жалпы гигиена және экология кафедрасының доценті.

Имашева Б.С. - Медицина білімі мен ғылымының инновациялық технологиялар Республикалық орталығы директоры, профессор.

Жаханов А.- С.Ж Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, радиобиология курсы жетекшісі, б.ғ.к. профессор.

Байдүйсенова Ә.Ө. - Медицина білімі мен ғылымының инновациялық технологиялар Республикалық орталығы әдіскері, доцент.

ТИПОВАЯ УЧЕБНАЯ ПРОГРАММА

БАКАЛАВРИАТ

РАДИАЦИОННАЯ ГИГИЕНА

По специальности: 5В110400 - «Медико-профилактическое дело»

Объем часов – 90 (2 кредита)

Министерство здравоохранения Республики Казахстан

Астана 2011

ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1 РАЗРАБОТАНА И ВНЕСЕНА** «Республиканским центром инновационных технологий медицинского образования и науки», Казахским национальным медицинским университетом им. С.Д. Асфендиярова, АО «Медицинский университет Астана», Карагандинским государственным медицинским университетом, Западно-Казахстанским государственным медицинским университетом им. М.Оспанова, Государственным медицинским университетом г. Семей, Южно-Казахстанской государственной фармацевтической академией.
- 2 ВВЕДЕНА впервые**
- 3 Типовая учебная программа** разработана в соответствии с государственным общеобязательным стандартом образования Республики Казахстан 2009 г. по специальности 5В110400 - «Медико-профилактическое дело»
- 4 Типовая учебная программа** утверждена и рекомендована к изданию приказом Министра здравоохранения РК №734 от 26 октября 2011 г.

СОДЕРЖАНИЕ

1. Пояснительная записка.....	30
2. Распределение часов дисциплины.....	35
3. Содержание дисциплины и примерные тематические планы лекций, практических занятий, СРСП, СРС	35
4. Методы обучения и преподавания.....	48
5. Оценка знаний.....	49
6. Оборудование и оснащение.....	49
7. Список рекомендуемой литературы.....	49

Настоящая типовая программа не может быть тиражирована и распространена без разрешения Министерства здравоохранения Республики Казахстан.

1 ПОЯСНИТЕЛЬНАЯ ЗАПИСКА

Радиационная гигиена - это самостоятельная гигиеническая наука, изучающая условия, виды и последствия воздействия ионизирующих излучений на человека и разрабатывающая мероприятия, направленные на охрану его здоровья.

Изучению вопросов «Радиационной гигиены» при подготовке врача по специальности «051103 - Медико-профилактическое дело» должно отводиться одно из важных мест, что обуславливается широким применением радиоактивных веществ и источников ионизирующих излучений в различных отраслях народного хозяйства, в том числе медицине, представляющих потенциальную опасность для окружающей среды и человека. Поэтому при изучении данной дисциплины должен быть охвачен спектр вопросов по разработке защитных и профилактических мероприятий при работе с источниками ионизирующих излучений, а также проблемам радиационной безопасности населения.

